

Кімге: Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты

Автор: Абдулова Айгуль Жұмақанқызы, Катонқарағай аудандық мәслихатының аппарат басшысы

Күні: 7 қараша 2024 жыл

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Мәслихат депутаттарының жергілікті атқарушы органдарымен қарым-қатынасындағы проблемалар және шешу жолдары

Кілт сөздер: мәслихат депутаттары, жергілікті атқарушы органдар, халық үні, тұрақты комиссиялар, мәслихат сессиялары.

Зерттеу әдістері: жинақтау, сұрыптау, салыстыру, салыстыра талдау (SWOT, PEST-талдау), жүйелеу, болжау, көрнекілік.

Кіріспе:

Мәслихат депутаттары мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы қарым-қатынас – қоғамды басқарудың маңызды компоненті. Олардың бірлескен жұмысы жергілікті мәселелерді шешуге, халықтың мүдделерін қорғауға және әлеуметтік-экономикалық дамуға әсер етеді. Алайда, бұл қарым-қатынаста бірнеше проблемалар және оларды шешу жолдары бар.

Мәслихат депутаттарының жергілікті атқарушы органдарымен қарым-қатынасындағы проблемаларға тоқталсақ: бүгінгі күні мәслихат депутаттары мен атқарушы органдар арасындағы тиімді ынтымақтастықтың жоқтығы, түсініспеушілік көп. Бұл депутаттардың жобалар мен бастамаларын жүзеге асыруда қиындықтар тудырады. Депутаттардың атқарушы органдарға әсері шектеулі болғандықтан олардың жұмысын тиімді жүргізуге кедергі келтіреді. Мәслихат депутаттары мен атқарушы органдар арасында ақпарат алмасудың жеткіліксіздігі, дұрыс шешімдер қабылдауға кедергі жасап отыр. Қаржыландырудың жеткіліксіздігі депутаттардың әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін шектейді. Кейбір депутаттар өз партияларының немесе топтарының мүдделерін қорғауға баса назар аударғандықтан, нәтижесінде халықтың мүддесін ескермей қалып отыр. Депутаттардың негізгі кәсіптері мен қызметтері болуынан уақыт тапшылығына байланысты депутаттардың өз міндеттеріне салғырт қарауы да бар. Депутаттар мемлекетіміздің заңдарымен бекітілген өкілеттіктерін жүзеге асыруға бағытталған мүмкіндіктерінің толық жүзеге асыра алмай отыр.

Мәселелердің күрделілігін ескере отырып, депутаттардың жұмысын жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет.

Аналитикалық жазбаның мақсаты - халық пен билік арасындағы алтын көпір деген қағидатқа сәйкес мәслихат депутаттарының жергілікті атқарушы органдарымен қарым-қатынасындағы проблемаларды шешуге ықпал жасап, депутаттар жұмысын жақсартудың тиімді жоларын көрсету.

Негізгі бөлім:

Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған жаңа Ата Заңы еліміздің тәуелсіз, демократиялық, құқықтық, зайырлы және егеменді мемлекет белгілерін бекітіп айқындап берді. Өз дамуын кеңейте түскен мемлекетте ерекше орын алатын орган жүйесі болып мемлекеттік аппарат табылады. Конституцияда мемлекеттік аппарат тармақтарының әрқайсысына кең өкілеттік берілген.

Жергілікті мемлекеттік басқару - жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың сәйкес аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, заң шеңберінде айқындалған құзірет арқылы аумақты дамыту мақсатындағы қызметі.

Мәслихат тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс қарамағындағы аймақтың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілдік орган. Ол сол аймақ халқының қалауын, сұраныстарын білдіреді және жалпы мемлекеттік мүддені ескере отырып, қабылданған шешімдерді жүзеге асыру шараларын белгілейді әрі атқарылу барысын бақылайды.

Мәслихат өзінің өкілетін сессияда (*қажет болған жағдайда кезектен тыс сессиялар өткізіледі*) жүзеге асырады. Сонымен қатар мәслихат депутаттарынан құралған мәслихат шешімдерінің, қабылданған бағдарламалардың және мемлекеттік билік пен басқару органдарының басқа да актілерінің орындалуын бақылауды іске асыратын тұрақты комиссиялар бар.

Мәслихат сессияларында және тұрақты комиссияларымен қаралған мәселелер бойынша тиісті ресми актілер қабылданады. Сессия шешімдерінің негізгі мақсаттары қоғамдағы түрлі мәселелерді реттеуге бағытталған заң жобаларын қабылдау. Сессия шешімдері мемлекеттік органдардың жұмысына бақылау жасау, олардың әрекеттерін бағалау және қажетті өзгерістер енгізу үшін қабылданады. Сессия шешімдері, қабылданғаннан кейін, ресми түрде жарияланып, тиісті органдар мен қоғамға хабарланады. Олар заңды күшке ие болып, орындалуы міндетті.

Мәслихаттың тұрақты комиссиялары – бұл мәслихаттың қызметін ұйымдастыру және тиімді жүргізу мақсатында құрылған құрылымдық бөлімшелер. Олар мәслихаттың шешімдерін дайындау, қоғамдық мәселелерді талқылау және бақылау функцияларын атқарады.

Комиссиялар мәслихаттың жалпы отырыстарына дайындық жасап, ұсыныстар мен баяндамалар ұсынады. Әрбір комиссияның құрамына депутаттар, сондай-ақ, сарапшылар мен қоғам белсенділері кіре алады.

Мәслихаттың тұрақты комиссиялардың қаулылары – бұл ресми шешімдер мен ұсыныстар. Олар комиссиялардың өздерінің қызметі барысында анықталған мәселелерді шешу, ұсыныстар әзірлеу, немесе нақты жағдайларға жауап беру мақсатында қабылданады. Тұрақты комиссиялардың қаулыларының негізгі аспектілерінің бірі: заң жобаларына, бюджеттік мәселелерге немесе қоғамдық саясатқа қатысты ұсыныстар жасап, оларды мәслихаттың қарауына шығару. Мемлекеттік органдардың немесе жергілікті басқару құрылымдарының қызметін бақылау нәтижесінде қажетті шаралар қолдану.

Катонқарағай аудандық мәслихатын 5 депутат құрайды. Мәслихат жұмысын қамтамасыз ету үшін 2 комиссия құрылған.

1-сурет.



Депутаттар жергілікті тұрғындардың мүдделерін қорғау үшін шешімдер қабылдайды, ал атқарушы органдар бұл шешімдерді жүзеге асыруға жауапты.


Жергілікті атқарушы органдар депутаттардың шешімдерін, орындамауының бірнеше себептермен байланысты болуы мүмкін. Бұл, мысалы, қаржылық ресурстардың жеткіліксіздігі, заңнамалық актілердің нақты түсінбеушілігі, немесе атқарушы органдар мен депутаттар арасындағы коммуникацияның нашарлығы.

Егер атқарушы органдар депутаттардың шешімдерін орындамаса, бұл жергілікті билік жүйесінің тиімділігін төмендетеді және азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін.

Мұндай жағдайларда депутаттар жергілікті деңгейде бақылау жүргізу, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру немесе қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарына жүгіну сияқты шараларды қабылдай алады.

Катонқарағай аудандық мәслихатының сессиялар мен тұрақты комиссияларда 2023-2024 жылдары көтерілген мәселелер

2- сурет



Жергілікті атқарушы органдарға депутаттардың шешімдерін орындату үшін бірнеше маңызды қадамдарды қарастыру қажет:

- коммуникациялық құзырет: депутаттар мен әкімдер арасында тұрақты және ашық байланыс орнату. Жиналыстар, семинарлар және кездесулер өткізіп, шешімдердің маңыздылығын түсіндіру;
- заңнамалық: депутаттардың қабылдаған шешімдерін орындауға қажетті құқықтық негіз қабылдау;
- қадағалау: жергілікті атқарушы органдарының шешімдердің орындауындағы әрекеттерін бағалап, нәтижелерді есепке алуға арнайы мониторингтік топтар құрып, бақылау;

- кері байланыс: жергілікті атқарушы органдармен шешімдерді орындаудағы қиындықтар мен жетістіктер туралы ақпараттарды депутаттарға талдау жасау үшін жинау;

- қаржыландыру: шешімдерді жүзеге асырып, міндеттерін тиімді орындауына қажетті қаржылық ресурстарды қамтамасыз ету.

Аналитикалық жазба жүргізу кезінде мәслихат депутаттарынан жергілікті атқарушы органдарымен қарым-қатынасындағы проблемалар және шешу жолдары жайында сауалнама алынған.

Сауалнамаға қатысқан депутаттардың саяси тәжірибесін, көзқарастарын және халықпен байланысын анықтау үшін олардың депутат ретінде қызмет мерзімі анықталды.

Сауалнамаға Шығыс Қазақстан облысы аудандарының 23 мәслихат депутаты қатысты. Оның ішінде: депутат қызметінде 1 жылға дейінгі мерзімде - 5 депутат, 1-3 жыл мерзімінде - 13 депутат, 3 жылдан астам мерзімде - 5 депутат болды (кесте 1).

Сауалнаманың мақсаты: мәслихат депутаттары мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы қарым-қатынас барысында кездесетін негізгі қиындықтарды, түсініспеушіліктерді және кедергілерді анықтау. Жиналған мәліметтер негізінде қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған ұсыныстар мен шешімдерді әзірлеу. Мәслихат пен жергілікті атқарушы органдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту және болашақтағын дамыту бағыттарын айқындау болып табылады.

Мәслихат депутаттарынан алынған сауалнама қорытындысы

№1 кесте

№	Сауалнама сұрақтары	Нәтижесі
1	Жергілікті атқарушы органдар мен мәслихат депутаттарының өз-ара байланысының тиімділігі	а) өте тиімді-47,8% ә) жеткілікті деңгейде тиімді-43,5% б) тиімсіз-4,3% в) мүлдем тиімсіз-0% г) басқа-4,4%
2	Жергілікті атқарушы органдар мен депутаттардың қарым-қатынасын бағалау (1 ден-5-ке дейін)	1- 4,3% 2-0% 3- 21,8% 4-34,8% 5-39,1%
3	Қарым-қатынас барысындағы жергілікті атқарушы органдармен туындаған проблемалар	а) Ақпараттың жетіспеушілігі-34,7% ә) Өзара түсіністік мәселелері-34,7% б) Ресурстардың тапшылығы-20,2% в) Заңнамалық шектеулер-10,4%
4	Проблемаларды шешу үшін қандай шаралар қажет	а) Тұрақты кездесулер өткізу-26% ә) Ашығырақ ақпарат алмасу-39,1% б) Құқықтық нормаларды жетілдіру-17,5% в) Ынтымақтастықты күшейту-17,4%
5	Ақпарат алмасу мерзімі мен форматы	а) Тұрақты жиналыстар арқылы-60,8% ә) Хат алмасу арқылы-13,4% б) Бір реттік кездесулер арқылы-12,8% г) басқа-13%

6	Жергілікті атқарушы органдармен мәслихаттың шешімдерін орындау деңгейін бағалау	а) Өте қанағаттанамын-22,1% ә) Қанағаттанамын-65,2% б) Қанағаттанбаймын-8,7% в) Мүлдем қанағаттанбаймын-4%
7	Депутаттар ұсыныстарын жергілікті атқарушы органдармен ескеруі	а) Ия, толық ескереді-31,8% ә) Ішінара ескереді-63,7% б) Ескермейді-4,5%
8	Мәслихат депутаттары мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы қатынастың болашағы	Бірлесіп жұмыс істеу.Бақылау. Жиірек кездесу. Ақылдасу. Депутат ұсыныстарының орындалуы. Ашық ақпарат алмасу.
9	Идеал қарым-қатынас қалай болуы тиіс	Әкім, депутат, халықпен шешімдері бір болу. Түсіністік.100% ашық болу. Сауатты. Парасатты.Заңды.Мәдениетті. Мүдделер сәйкестігі.Жауапкершілік.

Сауалнаманы қорытындылай келе мәслихат депутаттары мен жергілікті атқарушы органдарының қарым-қатынасындағы проблемаларды шешу үшін ашық ақпарат алмасу, ынтымақтастықты нығайту, жиі кездесулер жүргізу, түсіністік, бірлесіп заңды шешім қабылдау, жауапкершілік қажеттілігі анықталып отыр. Осындай шаралар арқылы жергілікті басқару тиімділігін арттыруға және азаматтардың мүдделерін қорғауға және қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттыруға көмектесетіндігі анық.

Депутаттар – өзекті мәселелерді ашық айта білетін, азаматтардың қоғамдағы ой-пікірін атқарушы билікке тікелей жеткізетін қауым. Бір сөзбен айтсақ, депутат болу – халықтың үні болу деген сөз. [2].

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мәслихат депутаттары императивті мандатқа ие және өз аумағының сайлаушыларымен тұрақты байланыс жасап тұруға, оларды мәслихаттың және оның тұрақты комиссияларының қызметі, мәслихат шешімдерінің орындалуы жөнінде әрдайым хабардар етіп, есеп беруге міндетті.

Алайда, мәслихат депутаттарының сайлаушылар алдындағы есебі көбіне формальді түрде өтеді. Мұндай кездесулерге тыңғылықты дайындалып, сапалы өткізуге ерекше мән берген дұрыс. Саясат дағдыларын меңгеру, адамдармен сөйлесе алу және ашық диалог кезінде өз ұстанымын дәлелдей білу өте маңызды[3].

Егер Катонқарағай аудандық депутаттарының соңғы екі жылдағы халық алдындағы есебі мен кездесулерін және басқа өкілеттіктерін жүзеге асыруын алатын болсақ, бұл деңгей өзгеріссіз қалып отыр. Кейбір депутаттар бұл салада белсенді болса, кейбіреулері өз деңгейінде жүргізбейді (кесте 2).

Катонқарағай аудандық депутаттарының 2023-2024 жылдары атқарылған шаралары

№2 кесте

Мәслихат депутаттары	Сайлаушылармен кездесулер		Халық алдындағы есеп		Жолданған сауалнамалар		Жеке қабылдаулар	
	2023 (10 ай)	2024 (10 ай)	2023 (10 ай)	2024 (10 ай)	2023 (10 ай)	2024 (10 ай)	2023 (10 ай)	2024 (10 ай)
1	1	1	1	1	1	1	1	1
2	8	23	1	1	2	3	4	8
3	12	5	1	1	5	2	1	1
4	1	2	1	1	1	1	1	2
5	13	9	1	1	1	18	5	6

Ұсынылған кестеге қорытынды жасайтын болсақ депутаттардың өз сайлаушылармен байланысының әлсіз болуы байқалып отыр. Тиімді қарым-қатынас орнатпағаннан депутаттар халықтың қажеттіліктері мен проблемаларын түсінбеуі де, өкілеттіктерді тиімді жүзеге асыруға да кедергі келтіреді.

Бұл жағдайда депутаттар мен сайлаушылардың кездесулерінің төмен деңгейін зерттейтін болсақ, бірнеше себептер ықпал етуі мүмкін: -уақыт тапшылығы, сайлаушылармен кездесуге жеткілікті уақыт бөле алмауы;

-ақпараттың жетіспеушілігі, сайлаушылармен кездесулердің аздығы; -саяси мәдениеттің төмендігі, сайлаушылардың депутаттармен кездесуге деген қызығушылықтың азаюы;

-байланыс құралдарының пайдалануы: кейбір депутаттар сайттар мен әлеуметтік желілер арқылы байланыс орнатуды тиімді деп есептейді;

-сенім мәселелері: сайлаушылардың депутаттармен кездесуге қызықпаушылығы.

Сайлаушылар мен депутаттар арасындағы байланысты нығайту үшін депутаттар қоғамдық қабылдау жүргізу, түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және цифрлық платформаларды пайдалану арқылы белсенділік таныту қажеттілігі туындап отыр.

Халықпен тікелей қарым-қатынас орнату депутаттарға қоғамдағы проблемаларды түсінуге, тұрғындардың пікірлері мен ұсыныстарын ескеруге мүмкіндік береді.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» немесе «Естуші мемлекет» - бұл тұжырымдаманы 2019 жылы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев өз Жолдауында айтқан болатын.

«Азаматтардың, халықтың барлық өтініш-тілектерін жедел түрде әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру, барлығымзға ортақ міндет». Билік пен

қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаясси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады. Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет», делінген жолдауда[.3]

Бүгінгі күні депутаттар атқарушы билікке халық үнін жеткізе алатын, қажетті шешім қабылдауға ықпал ете алатын, қоғам мен мемлекет арасындағы байланысты нығайта алатын тұлға болу керек.

Қорытынды

Мәслихат – мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы болғандықтан, аймақ жұртшылығының тыныс-тіршілігі, мұң-мұқтажы қашанда мәслихат депутаттарының жіті назарында болуы керек.

Сайлаушылардың мүддесін қорғап, ел үмітін ақтау депутаттардың басты парызы, себебі мәслихат депутаттарының қызметі осымен ерекшеленеді.

Мәслихат депутаты халық пен билік арасындағы алтын көпіріне айналуы керек.

Қазір ел көп мәселеде депутаттарға жүгінетін болғандықтан, халық сайлаған өкілетті органның ролін күшейту - заман талабы.

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын жергілікті деңгейде «ықпалды мәслихат – есеп беретін әкім» формуласына жалғастырып, олардың өкілеттіктері аражігін айқындап, мәслихатты әкімдікке тәуелсіз институт ретінде билік тармақтарының тепе-теңдігіне жеткізу шараларын қарастыру қажет.

Ұсынылатын шешімдер / Ұсыныстар

Мәслихат депутаттарының жергілікті атқарушы органдарымен қарым-қатынасын нығайтып, қоғамдық мәселелерді тиімді шешуге болашақта бірқатар іс-әрекеттер жасаулары қажет:

Біріншіден: ақпарат алмасуда- депутаттар мен жергілікті атқарушы органдар арасында ақпараттық жүйелер мен платформаларды пайдаланып, ақпарат алмасуды жүйелі түрде ұйымдастыру. Сонымен қатар тұрақты кездесулер, дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізу.

Екіншіден: депутаттармен жергілікті атқарушы органдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы жобалардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, заңнамалық бастамаларды көтеру.

Үшіншіден: жергілікті атқарушы органдардың жұмысында ашықтықты қамтамасыз ету, депутаттардың қоғамдық бақылау механизмдерін дамыту. Депутаттар әкімдердің жұмысына мониторинг жасап, орындалу барысын бақылауы керек. Бұл әкімдердің жауапкершілігін арттырады.

Төртіншіден: депутаттар жергілікті тұрғындардың пікірлері мен ұсыныстарын жинап, атқарушы органдарға жеткізіп, туындаған мәселелерді шешуге бағытталған шешімдерді бірлесіп қабылдау. Депутаттар мен әкімдер халықтың пікірін ескере отырып, бірлесе отырып, тұрғындардың қажеттіліктерін түсінуі керек. Қоғаммен кері байланыс орнату маңызды.

Бесіншіден: әртүрлі сала мамандарын біріктіретін жұмыс топтарын құру арқылы, депутаттар мен атқарушы органдардың күшін біріктіру. заңдарымен бекітілген өкілеттіктерді толық пайдалану.

Алтыншыдан: депутаттар өкілді билік функциясын халықтың сеніміне сай жоғары деңгейде атқару. Халықтың өкілді билікке сенімін нығайту үшін мәслихаттардың рөлін арттыру.

Жетіншіден: атқарушы және өкілді билік арасында тиімді қарым-қатынас орнату, олардың бірін-бірі толықтырып, мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыруы, ел мүддесін ескере отырып шешім қабылдауға жол ашады. Депутаттар әкімдермен бірігіп, жергілікті мәселелерді шешуге көмектесу үшін тәжірибе мен ресурстарды бөлісуі керек. Бұл әкімдердің жұмысын жеңілдетеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. 2024 жылғы 3 қазанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық деңгейдегі мәслихаттардың екінші республикалық форумында сөйлеген сөзі.

<https://mail.kz/kz/news/kz-news/tokaev-barlyk-dengeidegi-meslihatar-deputattarynyn-forumyndagy-sozin-neden-bastady>

2. 2019 жылы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдауында сөйлеген сөзі.

https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy

3. 2023 жылы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына үндеуі.

<https://malim.kz/article/politics/toqaev-deputattar-xalyq-senimine-sai-boluy-kerek-25250>

4. Мәслихат депутаттарының рөлі күшейтілуі тиіс. "Ақ жол" фракциясы мүшелерінің хаты.

<https://akzhol.kz/kk/initiated-bills/mslihat-deputattard-rl-kshejtlu-tis>

5. Мәслихат депутаттарының ауқымды қызметі.

<https://egemen.kz/article/2431-maslikhat-deputattarynynh-auqymdy-qyzmeti>